

Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар

- Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар 2
- Қолдануға және сақтауға қатысты кеңестер 10

Қолдау мен қызмет көрсету нұсқаулығы



- Утилиты бағдарламасы 14
- Ақаулықтарды тексеру парақтары 15
- Epson проекторының контактілер тізімі... 17

Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар

Барлық қауіпсіздік және қолдану нұсқауларын проекторды қолдануға дейін оқу керек. Барлық нұсқауларды оқы шыққан соң, бұл ақпаратты кейін қолдану үшін сақтап қойыңыз.

Жарақат алу немесе мүлікке залал келудің алдын алу үшін, келесі таңбалар қауіпті жағдайлар мен әрекеттерді көрсету үшін қолданылады. Нұсқаулықты оқығанда бұл таңбаларды дұрыс түсінуге тырысыңыз.

Таңбалардың түсіндірмесі

 Ескерту	Бұл таңба, егер оны елемеген жағдайда, дұрыс қолданбау нәтижесінде қатты жарақат алу немесе өлім қаупі бар екенін ескертеді.
 Сақтандыру	Бұл таңба, егер оны елемеген жағдайда, дұрыс қолданбау нәтижесінде жарақат алу немесе мертігу қаупі бар екенін ескертеді.

Жасауға болмайтын әрекеттердің таңбалары



Болмайды



Бөлшектеуге
болмайды



Сулауға
болмайды



Сулауға
болмайды



Сұлы
аймақта
қолданбаңыз



Орнықсыз
жерге
қоймаңыз

Орындалуы шарт әрекеттер



Нұсқаулар



Ашасын
розеткадан
суырыңыз

⚠ Ескерту

Келесі жағдайлар орын алса, проекторды розеткадан суырып, жөндеулер үшін білікті маманның көмегіне жүгініңіз:

- Егер проектордан күйік иісі немесе әдеттен тыс иіс немесе әдеттен тыс дыбыстар шықса.
- Егер проектордың ішіне сұйықтық төгілсе немесе бөтен заттар кіріп кетсе.
- Егер проектор құлап қалса немесе корпусы бүлінсе.

Бұл жағдайларда проекторды қолдануды жалғастыра беру нәтижесінде өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.

Проекторды өзіңіз жөндеуге әрекеттенбеңіз. Барлық жөндеулер үшін білікті маманның көмегіне жүгініңіз.

Проекторды қуат ашасын розеткадан жылдам суыруға болатын жерге қойыңыз.



Ашасын
розеткадан
суырыңыз

Егер қолданушы нұсқаулығында түсіндірілмесе, проектордың ешқандай жапқыштарын ашпаңыз. Проекторды бөлшектеуге немесе өзгертуге әрекеттенбеңіз (қосымша жабдықтарын қоса). Барлық жөндеулер үшін білікті маманның көмегіне жүгініңіз.

Проектордың ішіндегі электр кернеуі қатты жарақатқа себеп болуы мүмкін.



Бөлшектеуге
болмайды

Егер бұл проекторды төбеге орнату қажет болса, ол жұмысты білікті техникалық маман құпталған ілу жабдықтаын қолданып орындауы тиіс. Егер орнату жұмыстары дұрыс орындалмаса, проектор құлап кетуі мүмкін. Нәтижесінде жарақат алу қаупі бар. Онату жұмыстарын орындау үшін өнімді сатқан компанияға хабарласаңыз.



Нұсқаулар

Егер төбеге ілу үшін төбе бекіткішін қолдансаңыз және оның бұрандаларын босап кетпеу үшін желіммен жапсырсаңыз немесе проекторға майлар немесе жағын майлар жақсаңыз, проектордың корпусы шытынап, бекіткіштен құлап кетуі мүмкін. Нәтижесінде проектордың астында тұрған адам қатты жарақат алуы мүмкін немесе проекторды өзі бұзылуы мүмкін. Төбеге бекіткішті орнатқанда немесе реттегенде, бұрандаларын қатайту үшін желім қолданбаңыз және май мен жағын майларды жақпаңыз.



Болмайды

Проекторды жауын, су тиетін немесе ылғалдығы жоғары жерде қолданбаңыз.



Су жерлерде
қолданбаңыз

Ескерту

Проекторда көрсетілген қуат көзін ғана қолданыңыз. Басқа қуат көзін қолдану нәтижесінде өрт шығуы немесе ок соғуы мүмкін. Егер қуат көзі туралы ақпаратыңыз болмаса, өнімді сатқан компания өкілдерімен немесе қуа жабдықтаушы компаниямен кеңесіңіз.



Болмайды

Қуат сымының техникалық сипаттамаларын тексеріңіз. Жарамсыз қуат сымын қолдану нәтижесінде өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.



Нұсқаулар

Проектормен бірге жабдықталған қуат сымы өнім сатылған елдегі қуат жабдықтау талаптарына сай болуы тиіс. гер проекторды сатып алынған елде қолдансаңыз, проектормен бірге келген қуат сымын ғана қолданыңыз. Егер проекторды сатып алынған елден басқа елде қолдансаңыз, сол елге арналған қуат сымын қолданыңыз.

Ашасын жалғағанда, келесі сақтық шараларына мән беріңіз.

Бұл сақтық шараларын орындамау нәтижесінде өрт шығуы мүмкін немесе ток соғуы мүмкін.

- Қабырға розеткасын, ұзартқыш кабельдерді немесе ұзартқыш блоктарын шамадан тыс жүктемеңіз.
- Қуат ашасын шаң басқан розеткаға қоспаңыз.
- Қуат ашасын розеткаға мықтап жалғаңыз.
- Қуат ашасын су қолыңызбен ұстамаңыз.
- Қуат ашасын суырғанда, кабельден тартпаңыз; әрқашан ашаның өзінен ұстаңыз.



Нұсқаулар

Бүлінген қуат кабелін қолданбаңыз. Нәтижесінде өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.

- Қуат сымын өзгертпеңіз.
- Қуат кабелінің үстіне ауыр заттар қоймаңыз.
- Қуат кабелін майыстыруға, бұрауға немесе қатты тартуға болмайды.
- Қуат сымын ыстық электр құралдардан алыс ұстаңыз.

Егер кабель бүлінсе, өнімді сатқан компанияға хабарласаңыз.



Болмайды

Кабельдер адам жығылмайтындай бағытталуы тиіс.

Бұл адамдардың құлып қалуын және жарақаттануын тудыруы мүмкін.



Нұсқаулар

⚠ Ескерту

Электр толқуы кезінде қуат ашасын ұстамаңыз. Әйтпесе ток соғуы мүмкін.



Ұстамаңыз

Құралдың үстіне су құйылған ыдыстарды қоймаңыз.

Проектордың үстіне төгілген сұйықтық себебінен өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.



Сулауға
болмайды

Қосылып тұрған проектордың линзасына қарамаңыз. Жарық шам көзіңізге зақым келтіруі мүмкін. Сондай-ақ, ұлғайтқыш әйнек немесе телескоп сияқты оптикалық құралдарды пайдаланып объективке қарамаңыз.



Болмайды

Проектордың желдеткіштеріне немесе саңылауларына темір, жалындағыш заттар мен бөтен заттарды енгізбеңіз және оларды құралдың маңайында қалдырмаңыз.



Болмайды

Нәтижесінде өрт шығуы, ток соғуы немесе күйіп қалу қаупі бар.

Проектордың жарық көзі үшін ішкі қысымы жоғары сынап шамы қолданылады. Егер шам діріл, соққыларға ұшыраса немесе тым ұзақ уақыт бойы пайдаланылса, шам зақымдалуы не қайта қосыла алмауы мүмкін. Шам жарылып кетсе, ондағы газ шығып, әйнектің кішкентай сынықтары шашылып, жарақат тудыруы мүмкін. Төмендегі нұсқауларды міндетті түрде орындаңыз.



Нұсқаулар

- Шамды бөлшектеуге немесе сындыруға болмайды және басқа себептердің оған әсер етуіне жол бермеңіз.
- Қолданыстағы проекторға бетіңізді жақындатпаңыз.
- Әсіресе проекторды төбеге ілгенде ерекше абай болу керек, шамның қақпағы алынғанда әйнектің сынықтары жерге түсуі мүмкін. Проекторды тазалағанда немесе шамын өзіңіз ауыстырғанда, әйнек сынықтарының көзіңізге немесе аузыңызға кіріп кетпеуін қадағалаңыз.

Егер шам сынса, бөлменің ішін дереу желдетіп, шам сынықтарын жұтып қойсаңыз немесе сынықтары көзіңізге не аузыңызға кіріп кетсе, дәрігермен хабарласыңыз. Оған қоса, оларды дұрыс тастау үшін жергілікті ережелерді тексеріңіз және қалыпты қоқысқа тастамаңыз.

Ескерту

Проекторды немесе оның қашықтан басқару құралын терезесі жабық көліктің ішіне, күн сәулесі тікелей түсетін жерде немесе басқа қатты қызып кетуі мүмкін жерлерде қалдырмаңыз.

Нәтижесінде өрт шығатын жылулық деформацияға немесе техникалық ақаулыққа себеп болуы мүмкін.



Болмайды

Проектордың линзасы мен сүзгісіне жиналып қалатын шаң немесе кірді алу үшін құрамында жалындағыш заттары бар спрейлерді қолданбаңыз.

Қолданыс кезінде проектордың ішіндегі шамы өте ыстық болады және газдар ішіне кіріп кетсе, өртке себеп болуы мүмкін.



Болмайды

Атмосферада жалындағыш немесе жарылғыш газдар болуы мүмкін жерлерде проекторды қолданбаңыз.

Қолданыс кезінде проектордың ішіндегі шамы өте ыстық болады және газдар ішіне кіріп кетсе, өртке себеп болуы мүмкін.



Болмайды

Проектордың алдына тез жалындағыш заттарды қоймаңыз, өртке себеп болуы мүмкін.



Болмайды

Шығыс саңылауларына қарамаңыз.

Шам жарылып кетсе, ондағы газ шығып, әйнектің кішкентай сынықтары шашылып, жарақат тудыруы мүмкін. Әйнек сынықтары көзіңізге не аузыңызға кіріп кетсе, дәрігермен хабарласыңыз.



Болмайды

Проекциялау барысында проектордан шығатын жарықты объектив қақпағымен (қозғалатын) немесе кітаппен және т.б.-мен жаппаңыз.

Проектордан шығатын жарық бұғатталса, жарық түсетін аймақ қызып, оның еруін, жануын тудырып, өртке себеп болуы мүмкін. Сондай-ақ, объектив шағылысатын жарықтың әсерінен қызуы мүмкін, бұл проектордың дұрыс жұмыс істемеуін тудырады. Проекциялауды тоқтату үшін Дауысын басу функциясын пайдаланыңыз немесе проекторды өшіріңіз.



Болмайды

Сақтандыру

Проекторды ылғал мен шаң көп болатын жерлерде, тамақ пісіретін құралдардың жанында немесе жылу көздерінің жанында немесе түтін немесе бумен қатынасатын жерлерде қолданбаңыз.

Проекторды далада сақтамаңыз және ұзақ уақытқа қалдырмаңыз.

Нәтижесінде өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.



Болмайды

Проектордың қабындағы саңылаулар мен тесіктерді бітемеңіз. Олар желдету үшін жасалған және проекторды қыып кетуден қорғайды.

- Егер проекторды қабырғаға орнату қажет болса, проектор мен қабырға арасында кем дегенде 50 см орын қалдырыңыз.
- Проекторды келесі жерлерге орналастырмаңыз.
 - Шкаптың іші немесе кітап сөресі сияқты нашар желдетілетін немесе тар жерлерде.
 - Кілем, төсек, көрпе немесе сол сияқты жерлерде.
 - Проекторды көрпе, перде немесе дастарханмен бүркемеңіз.
 - AV сөрелері немесе шкаф сияқты нашар желдетілетін жерлерде.
 - Жылу шығаратын құралдар тұрған температурасы жоғары жерлерде.



Болмайды

Проекторды орнықсыз арба, тұғыр немесе үстелге қоймаңыз.

Проектор құлап немесе аударылып түссе, жарақатқа себеп болуы мүмкін.



Орнықсыз
жерге
қоймаңыз

Проектордың үстіне шықпаңыз және үстіне ауыр заттар қоймаңыз.

Өзіңіз құлап қалуыңыз мүмкін немесе проектор сынады.



Болмайды

Желдету саңылауларының жанына деформацияланатын немесе бүлінетін заттарды қоймаңыз. Қосылып тұрған проектордың желдеткіштеріне қолыңызды немесе бетіңізді жақындатпаңыз.

Желдету саңылауларынан ыстық ауа шығады, сондықтан күйіп қалу, деформацияға себеп болу немесе мүлтік бүліру қаупі жоғары болады.



Болмайды

Сақтандыру

Қолданыстан кейін ысып тұрған шамды алуға әрекеттенбеңіз. Шамды аларда құралды өшіріп, қолданушы нұсқаулығында анықталған уақыт бойынша шамның әбден сууын күтіңіз. Шамның ыстығы күйіп қалуға немесе басқа жарақаттарға себеп болуы мүмкін.



Болмайды

Проектордың үстіне немесе жанына балауыз сияқты ашық жалын көздерін қоймаңыз.



Болмайды

Проекторды ұзақ уақыт қолданбағанда қуат көзінен ажыратып қойыңыз.

Оқшаулау материалы бүлініп, өртке себеп болуы мүмкін.



Ашасын
розеткадан
суырыңыз

Проекторды орнынан жылжитқанда, оның өшірілгенін, қуат көзінен суырылғанын және барлық кабельдерінің ажыатылғанын тексеріңіз.

Нәтижесінде өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.



Ашасын
розеткадан
суырыңыз

Тазалар алдында проекторды розеткадан суырыңыз.

Тазалағанда ток соғудан қорғайды.



Ашасын
розеткадан
суырыңыз

Тазалау үшін (немесе кір немесе дақтар үшін аздап ылғалданған шүберекті) құрғақ шүберек қолданыңыз. Спирт, сұйылтқыш немесе бензин сияқты аэрозоль тазалағыштарды қолданбаңыз.

Проектордың корпусына су кірсе немесе корпусы бүлінсе және сынса, ток соғуы мүмкін.



Нұсқаулар

Сақтандыру

Батареяны дұрыс қолданбау батарея сұйығының жылыстауына немесе батареяның шытынауына себеп болады, нәтижесінде өрт шығу, жарақаттану қаупі туындайды немесе проекторды тат басуы мүмкін. Батареяларды ауыстырғанда, келесі сақтандыруларды ескеріңіз.



Нұсқаулар

- Батареялардың полярлығын (+ және -) дұрыс бағытта салыңыз.
 - Өртүрлі батареяларды немесе ескі батарея мен жаңа батареяны араластырып салмаңыз.
 - Тек қана қолданушы нұсқаулығында көрсетілген батареяларды ғана қолданыңыз.
 - Егер батареялардан сұйықтық жылыстаса, батарея сұйығын жұмсақ шүберекпен сүртіп алыңыз. Егер сұйықтық қолыңызға тисе, жуып тастаңыз.
 - Батареялар отырып қалса, бірден ауыстырыңыз.
 - Проекторды ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, батареяларын алып қойыңыз.
 - Батареяны ыстыққа немесе жалынға тигізбеңіз және суға салмаңыз.
 - Қолданыстан шыққан батареяларды жергілікті ережелерге сай тастаңыз.
 - Қолданылған батареяларды балалардан қашық ұстаңыз.
- Батареяларға қақалып қалуға болады және жұтып қойса, өте қауіпті.

Бұл проектордың техникалық күтім кестесін орындаңыз. Егер проектордың ішкі жағы ұзақ уақыт тазаланбаса, шң жиналып, өртке немесе ток соғуға себеп болады.

Ауа сүзгісін жиі ауыстырыңыз.

Қажет болса, ішкі жағын тазалау үшін, өнімді сатқан компанияға хабарласыңыз.



Нұсқаулар

Ыстық қайнардан шығатын күйдіргіш газ сияқты коррозиялық газдар бар жерде қолданбаңыз.

Бұзылуы мүмкін.



Болмайды

Дыбыс жоғары тұрған күйінде проекторды қоспаңыз. (орнатылған үндеткіштері бар үлшілер үшін)

Қатты дыбысы есту қабілетіне әсер етуі мүмкін. Проекторды қосарда алдымен дыбысын азайтып алыңыз. Проектоды қосқаннан кейін, дыбысын біртіндеп көтеріңіз.



Нұсқаулар

Проектордың қарсы алдына тұрмаңыз, проектордың бейнесін бөгейсіз және жарығы көзіңізге түседі.

Проектордың шамына тура қарау көзіңізге зақым келтіреді.




Нұсқаулар

Қолдануға және сақтауға қатысты кеңестер

Бұзылу, жұмыс қателіктері немесе проекторға зақым келу мүмкіндіктерінің алдын алу үшін келесі сақтандыруарды орындаңыз.

Қолдануға және сақтауға қатысты кеңестер

- Проекторды температурасы өте жоғары немесе төмен жерлерде қолдануға немесе сақтауға болмайды. Оған қоса, емпературасы күтпеген жерден өзгертін жерлерден де абай болыңыз.
- Проекторды қолданғанда және сақтағанда қолданушы нұсқаулығында берілген температура талаптарын орындаңыз.
- Проекторды тербеліске ұшырайтын немесе қатты соғылу қаупі бар жерге орнатпаңыз.
- Проекторды кернеуі жоғары электр сымдары мен магниттік өріс көздеріне жақын орнатпаңыз.
Жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.
- Проекторды келесі жағдайларда қоспаңыз. Егер бұл ескертуді елемесеңіз, жұмысында ақаулықтар болуы немесе апаттар орын алуы мүмкін.



Проектор бір жағына қисайып тұрса.

- Ашық қолыңызбен линзасын ұстамаңыз.
- Проекторды қолданбағанда линзасының қақпағын жауып кірлеуден немесе бүлінуден қорғаңыз.
- Сақтағанда қашықтан басқаратын құралының батареясын алып қойыңыз. Егер батареяларды қашықтан басқаратын құралының ішінде ұзақ уақытқа қалдырсаңыз, жылыстауы мүмкін.
- Проекторды май немесе шылым түтіні бар жерлерде қолданбаңыз немес сақтамаңыз, проектордың бейнені жобала сапасына кері әсер етеді.
- Проектордың ішкі жағын тазалау үшін өнімді сатқан компанияға хабарласыңыз. Егер проектордың ішкі жағы ұзақ уақыт тазаланбаса, шаң жиналып, өртке немесе ток соғуға себеп болады.
- Проектордың немесе шамның бұзылуына себеп болған, бірақ кепіл шарттарынан тысқары жағдайларға Эпсон компниясы жауап бермейді.

- Бір бейне қозғалыссыз ұзақ уақыт көрсетілсе, экранда бейненің қалдықтары қалуы мүмкін. Бейнелерді тұрақты бір күйде ұзақ уақыт көрсетуге болмайды.

Проектор шамы

Проектордың жарық көзі үшін ішкі қысымы жоғары сынап шамы қолданылады. Сыныпты шам сипаттамалары:

- Шамның жарық беру қарқыны қолданыс барысында үдей түседі.
- Ауыстыратын уақыты келгенде шам жанбайды немесе қатты дыбыспен сынады.
- Шамды ауыстыру жиілігі шамның жеке ерекшеліктері мен қолдану ортасына байланысты болады. Қажет болғанда ауыстыратын қосымша сақтық шам болуы қажет.
- Өшірілген проекторды бірден қайта қосуға болмайды. Проекторды жиі қосып өшіру оның шамының жарамдылық мерзімін азайтады.
- Шамның жарамдылық мерзімі аяқталған соң, шамның сыну мүмкіндігі ұлғая түседі. Шамды ауыстыру қажеттігі туалы хабар көрсетілгенде, шамды барынша жылдам ауыстырыңыз.

СКД панелі

СКД панелін өндіру үшін анықтығы өте жоғары технология қолданылады. Бірақ, панелде қара нүктелер пайда болуы мүмкін, немесе кейде қызыл, көк немесе жасыл нүктелер жарқ етіп жауы мүмкін. Оған қоса, кейде түстері жолақтанып немесе жарықтығы қалыптан тыс көрінуі мүмкін. Олар СКД панелінің ерекшеліктерінен туындайды және бұзылу белгілері болып табылмайды.

Проекторды тасымалдау туралы ескертулер

- Проекторды өшіріп, қуат кабелін қуат көзінен ажыратыңыз. Оған қоса, барлық кабельдерінің ажыратылғанын тексеріңіз.
- Линза қақпағын кигізіңіз.
- Жиналмалы аяқтарын жинаңыз.
- Егер проектор үлгісінің тұтқасы болса, тасымалдағанда сол тұтқасынан ұстаңыз.

Проекторды өндірушіге жөндеуге жібергенде

Проектордың ішкі бөлшектерінің көбі әйнектен және анықтығы жоғары бөлшектерден тұрады. Проекторды тасымалдағанда, оны қатты соғып алмас үшін, келесі өлшемдерді қолданып қорғау шараларын орындаңыз. Қатты соққыға ұшырамас үшін, проекторды қорғау материалымен ораңыз және мықты картон жәшікке салыңыз. Тасмалдайтын компанияға жәшіктегі заттың осал екенін ескертуді ұмытпаңыз.

Басқа елдерде қолданылатын қуат кабельдері

Проектормен жабдықталған қуат кабелі электр қауіпсіздігі талаптарына жауап береді. Проектормен жабдықтаған қуат кабелінен басқа кабельді қолданбаңыз.

Проекторды басқа елде қолдансаңыз, қуат көзінің кернеу талаптарын, розетканың пішімін және проектордың қуат талаптарының жергілікті талаптарға сай болуын тексеріңіз және сол елге жарамды қуат кабелін сатып алыңыз.

Жарамды қуат кабелін сатып алу үшін, 17-беттегі елдер тізімінен қажетті Эпсон өкілдігінің байланыс ақпаратын тауып алып, хабарласыңыз.

Қуат кабелі туралы жалпы техникалық ақпарат

Қай елде қолданылғанына тәуелсіз келесі шарттарды орындау міндет.

- Қуат кабелінде проектор қолданылатын елдің стандарттар мекемесінің құптау белгісі болуы тиіс.
- Қуат ашасының пішімі мен қолданылатын елдегі розетка пішімі бірдей болуы тиіс.

Әр түрлі елдердегі стандарт мекемелері немесе сертификат белгілерінің мысалдары

Елдің атауы	Стандарттар немесе сертификат таңбасы	Елдің атауы	Стандарттар немесе сертификат таңбасы
Америка Құрама Штаттары	UL	Норвегия	NEMKO
Канада	CSA	Финляндия	FIMKO
Біріккен Корольдықтар	BSI	Франция	LCIE
Италия	IMQ	Нидерландтар	KEMA
Австралия	SAA	Бельгия	CEBEC
Австрия	OVE	Жапония	PSE
Швейцария	SEV	Корея	EK
Швеция	SEMKO	Қытай	CCC
Дания	DEMKO	Сингапур	PSB
Германия	VDE		

Утилита бағдарламасы

Проектормен бірге жабдыкталған CD-ROM дискісіндегі компьютерлік бағдарламаны Эпсон веб-сайтынан жүктеп алуға да болады (<http://www.epson.com>). Егер компьютерлік бағдарлама жаңартылса, оның соңғы нұсқаларын да сол веб-сайтта жүктеп алуға болады.

Компьютерлік бағдарламаның жаңартылған нұсқаларын Эпсон веб-сайтынан (<http://www.epson.com>) қараңыз.

Егер проекторда ақаулықтар байқалса, осы тексеру парақтарының көшірмесін жасап алып, көмек орталығына хабарласқанда ақаулық белгілерін түсіндіру үшін қолданыңыз.

Ақаулықтар

- ☐ Қосу түймесі жұмыс істемейді
- ☐ Экранда ешнәрсе көрінбейді
- ☐ Хабар көрсетіледі
 - ☐ Ешқандай кескін сигналы берілмейді
 - ☐ Бұл сигналдарға бұл проектордың шамасы жетпейді
- ☐ Көгілдір экран (артқы фоны көгілдір)
- ☐ Қара экран (артқы фоны қара)
- ☐ Проектордан түскен кескіндер
- ☐ Қолданушы таңбасы (ешқандай хабар шықпайды)

Кескін

- ☐ Кескіннің жартысы ғана көрінеді
- ☐ Кескін экранның өлшемінен кішкене
- ☐ Кескін қатты бұрмаланған
- ☐ Бірнеше пиксельдер жетіспейді

Кескін сапасы нашар

- ☐ Кескін бұлыңғыр және анық емес
- ☐ Кескіннің жолақтары бар
- ☐ Кескін жыпылықтайды
- ☐ Таңбалар жетіспейтін сияқты

Аудио (орнатылған үндеткіштері бар үлгілер үшін)

- ☐ Ешқандай дыбыс естілмейді
- ☐ Дыбыс төмен
- ☐ Дыбысы бұзылған
- ☐ Қате дыбыс естіледі
- ☐ Жалғанған құрылғының аудио шығысы қосылған ба?
- ☐ Сыртқы үндеткіштер қосылғанда дыбысы шыға ма? (егер аудио шығыс портымен жабдықталса)

Түсі нашар немесе тым қошқыл

- ☐ Тым қошқыл
- ☐ Түсі нашар немесе тым қошқыл (видео)
- ☐ Түсі нашар немесе тым қошқыл (компьютер)
- ☐ Түсі теледидар/электронды-сәулелі құралдан бөлек

Мәзірлер

- ☐ Мәзірлер көрсетіледі
 - Реттеу ☐ Ұйқы режимі: ҚОСУ
- ☐ Туралы (видео)

шамы h

Видео сигналы ☐ АВТО

☐ NTSC

☐ Басқа

- ☐ Туралы (компьютер)

шамы h

Жиілік К Гц

Т Гц

Синхрондау К ☐ Оңды

полярылығы ☐ Оңсыз

Т ☐ Оңды

☐ Оңсыз

Синхрондау режимі ☐ Бөлек

☐ Композиттік

☐ Жасылда

синхрондау

Ажыратымдылық ×

Жаңарту өлшемі Гц

Мәзірлер

- ☐ Мәзірлер көрсетіледі

☐ Аудио

Аудио кіріс ()

Дыбыс ()

Белгілерін мына жерге жазыңыз:

EMP-
ЕН-
ЕВ-
Сериялық нөмірі

Сатып алу күні: / /
Көрсеткіштер
(Әр көрсеткіштің түстері мен
күйін жазыңыз)

- Көрсеткіш ☐
 Көрсеткіш ☐
 Көрсеткіш ☐
 Көрсеткіш ☐

Қуат кабелі

- ☐ Кабель байланысы мықты ма?
☐ Қуат түймесі ҚОСЫЛҒАН (үлгісіне байланысты)

Қосқыш

- ☐ Қосқыш байланысы мықты ма?

Компьютер параметрлері
(Дисплей ерекшеліктері)

- ☐ СКД дисплейі
Ажыратымдылық
(×)
Жаңарту мөлшері
(Гц)

☐ Компьютер
Win/Mac/EWS
Өндіруші

- ()
Үлгі
()
Лаптоп/Десктоп/Біріктірілген
Панель ажыратымдылығы
(×)
Видео режимі
()

☐ Видео жабдығы
VCR/DVD/Камера

- Өндіруші ()
Үлгі ()

Қосқыштар

- ☐ Қосқыш байланысы мықты
ма?
☐ Байланыс үшін қолданылатын
порттың атауы не?
()

Байланыс кабелі

- ☐ Таза
☐ Ұзартқыш м
Бөлік № ()
☐ Таратушы/күшейткіш
Бөлік № ()
☐ Ауысу
Бөлік № ()

Ақаулық қашан орын алды? ☐ Қолданысқа дейін ☐ Қолдана бастағанда бірден ☐ Қолданыс кезінде
а.а. әрқашан кезінде

☐ Басқа ()

Ақаулық жиілігі ☐ Әрқашан ☐ Кейде (..... рет..... кезінде)
а.а. әрқашан кезінде

☐ Басқа ()

Мекен-жай тізімі наурыз 2016 айында жаңартылған.

Жаңартылған байланыстар тізімін осы жерде берілген веб-сайттан алуға болады.

Өзіңізге қажетті ақпаратты бұл парақшалардан таба алмасаңыз, Эпсон компаниясының веб-сайтының негізгі парақшасын қараңыз: www.epson.com.

< EUROPE, MIDDLE EAST & AFRICA >

ALBANIA :

ITD Sh.p.k.
<http://www.itd-al.com>

AUSTRIA :

Epson Deutschland GmbH
<http://www.epson.at>

BELGIUM :

Epson Europe B.V. Branch office Belgium
<http://www.epson.be>

BOSNIA AND HERZEGOVINA :

NET d.o.o. Computer Engineering
<http://www.net.com.ba>

BULGARIA :

EPSON Service Center Bulgaria
<http://www.kolbis.com>

CROATIA :

MR servis d.o.o.
<http://www.mrservis.hr>

CYPRUS :

<http://www.mechatronic.com.cy>

CZECH REPUBLIC :

Epson Europe B.V. Branch Office Czech Republic
<http://www.epson.cz>

DENMARK :

Epson Denmark
<http://www.epson.dk>

ESTONIA :

Epson Service Center Estonia
<http://www.epson.ee>

FINLAND :

Epson Finland
<http://www.epson.fi>

FRANCE & DOM-TOM TERRITORY :

Epson France S.A.
<http://www.epson.fr>

GERMANY :

Epson Deutschland GmbH
<http://www.epson.de>

GREECE :

Oktabit S.A.
<http://www.oktabit.gr>

HUNGARY :

Epson Europe B.V. Branch Office Hungary
<http://www.epson.hu>

IRELAND :

Epson (UK) Ltd.
<http://www.epson.ie>

ISRAEL :

Epson Israel
<http://www.epson.co.il>

ITALY :

Epson Italia s.p.a.
<http://www.epson.it>

KAZAKHSTAN :

Epson Kazakhstan Rep. Office
<http://www.epson.kz>

LATVIA :

Epson Service Center Latvia
<http://www.epson.lv>

LITHUANIA :

Epson Service Center Lithuania
<http://www.epson.lt>

LUXEMBURG :

Epson Europe B.V. Branch office Belgium
<http://www.epson.be>

MACEDONIA :

Digit Computer Engineering
<http://www.digit.com.mk>

NETHERLANDS :

Epson Europe B.V. Benelux sales office
<http://www.epson.nl>

NORWAY :

Epson Norway
<http://www.epson.no>

POLAND :

Epson Europe B.V. Branch Office Poland
<http://www.epson.pl>

PORTUGAL :

Epson Ibérica S.A.U. Branch Office Portugal
<http://www.epson.pt>

ROMANIA :

Epson Europe B.V. Branch Office Romania
<http://www.epson.ro>

RUSSIA :

Epson CIS

<http://www.epson.ru>

UKRAINE :

Epson Kiev Rep. Office

<http://www.epson.ua>

SERBIA :

AVG d.o.o. Beograd

<http://www.a-v-g.rs>

SLOVAKIA :

Epson Europe B.V.

Branch Office

Czech Republic

<http://www.epson.sk>

SLOVENIA :

Birotehna d.o.o.

<http://www.birotehna.si>

SPAIN :

Epson Ibérica, S.A.U.

<http://www.epson.es>

SWEDEN :

Epson Sweden

<http://www.epson.se>

SWITZERLAND :

Epson Deutschland

GmbH

Branch office Switzerland

<http://www.epson.ch>

TURKEY :

Tecpro Bilgi Teknolojileri

Tic. ve San. Ltd. Sti.

<http://www.tecpro.com.tr>

UK :

Epson (UK) Ltd.

<http://www.epson.co.uk>

AFRICA :

<http://www.epson.co.za>

or

<http://www.epson.fr>

SOUTH AFRICA :

Epson South Africa

<http://www.epson.co.za>

MIDDLE EAST :

Epson (Middle East)

<http://www.epson.ae>

< NORTH, CENTRAL AMERICA & CARIBBEAN ISLANDS >

CANADA :

Epson Canada, Ltd.

<http://www.epson.ca>

MEXICO :

Epson Mexico, S.A. de C.V.

<http://www.epson.com.mx>

U. S. A. :

Epson America, Inc.

<http://www.epson.com>

COSTA RICA :

Epson Costa Rica, S.A.

<http://www.epson.co.cr>

ECUADOR :

Epson Ecuador

<http://www.epson.com.ec>

< SOUTH AMERICA >

ARGENTINA :

Epson Argentina S.R.L.

<http://www.epson.com.ar>

CHILE :

Epson Chile S.A.

<http://www.epson.cl>

PERU :

Epson Peru S.A.

<http://www.epson.com.pe>

BRAZIL :

Epson do Brasil

<http://www.epson.com.br>

COLOMBIA :

Epson Colombia Ltd.

<http://www.epson.com.co>

VENEZUELA :

Epson Venezuela S.A.

<http://www.epson.com.ve>

< ASIA & OCEANIA >

AUSTRALIA :

Epson Australia Pty. Ltd.
<http://www.epson.com.au>

CHINA :

Epson (China) Co., Ltd.
<http://www.epson.com.cn>

HONG KONG :

Epson Hong Kong Ltd.
<http://www.epson.com.hk>

INDIA :

Epson India Pvt., Ltd.
<http://www.epson.co.in>

INDONESIA :

PT. Epson Indonesia
<http://www.epson.co.id>

JAPAN :

Seiko Epson Co.
Toyoshina Plant
<http://www.epson.jp>

KOREA :

Epson Korea Co., Ltd.
<http://www.epson.co.kr>

MALAYSIA :

Epson Malaysia Sdn. Bhd.
<http://www.epson.com.my>

NEW ZEALAND :

Epson New Zealand
<http://www.epson.co.nz>

PHILIPPINES :

Epson Philippines Co.
<http://www.epson.com.ph>

SINGAPORE :

Epson Singapore Pte. Ltd.
<http://www.epson.com.sg>

TAIWAN :

Epson Taiwan
Technology & Trading Ltd.
<http://www.epson.com.tw>

THAILAND :

Epson (Thailand) Co.,Ltd.
<http://www.epson.co.th>